

	ҚАТЫНАС САЛАСЫ КАРТОТЕКАСЫНАН				
Таңертеңгі гимнастика	Желтоқсан айының 1 – аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қаслыптасуына үйрету				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау. Шаттық шеңбер Отан деген - Атамекен, Отан деген - туған жер. Отан - ана, Отан - үлкен, Қазақстан - туған ел.				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	1.Денешынықтыру Педагог жоспары бойынша 2.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Менің Отаным. Мақсаты: Балаларға туған жер, Отан туралы түсінік беру. Өз Отанын сүйуге жетелейді. Ресурстар: Тақырып бойынша көрнекіліктер, доп, әр елдің туы Әдіс – тәсілдер: бала үні, саралау, ширату әдісі,	1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Й й дыбысы және әрпі Мақсаты: Й дыбысы мен әрпімен танысады. Й дыбысы бар сөздерге дыбыстық талдау жасай білуге үйренеді. Ресурстар: Тақырыпқа байланысты суреттер, кеспе әліппе, суреттер. Әдіс-тәсілдері: сұрақ-жауап, әңгімелеу, ойын, түсіндіру.	1.Денешынықтыру Педагог жоспары бойынша 2.Математика негіздері. Тақырыбы: 7 саны және цифры. Мақсаты: Балаларды 7 санымен таныстырады және құрамын анықтайды. Есептер шығара білуге үйренеді. Ресурстар: 1-7 дейін сандар, Суреттер, цифрлар, таяқшалар, дәптер.	1. Сауат ашу негіздері. Тақырыбы: О о дыбысы және әрпі. Мақсаты: О дыбысы және әрпімен таныстыру. Құрамында О дыбысы бар сөздерді талдайды. О дыбысы кездесетін сөздерге мысалдар келтіреді, сол сөздерді қатыстыртып, бірнеше сөйлем құрайды Ресурстар: дыбыстық талдауға арналған көк,	1.Көркем әдебиет Тақырыбы: Отан жаттау Е. Өтетілеуұлы Мақсаты: Тақпақты түсініп, есте сақтауға үйренеді. Отан туралы тақпақ жаттайды. Ресурстар: отан туралы суреттер Әдіс-тәсілі: 4К, бала үні, тікелей бақылау. Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы: 1.Шаттық шеңбер

бақылау.Топтастыру әдісі. Заряд алу әдісі..Бақылау Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбері. Арайлап таң атты Алтын шуақ таратты Қайырлы таң балалар Миға шабул әдісі. Доп лақтыру арқылы сұрақ қою. -Балалар біздер Қандай Республикада тұрамыз? - Отан деген не? -Отан деген сөзді қалай түсінесіңдер? Ширату әдісі Отан туралы өлең оқып беру. Отан. Ж Әбдірашев. «Отан - атам, Отан - әкем!» Осы сөзім қате мекен?! Қате болса,Неге біздер Дейміз оны «Атамекен?!» «Отан - әжем, Отан – анам!» Туған жер! деп, Ол бекерге аталмаған..... Атам, әжем, әкем, анам Төртеуі де «Отан!» маған Сыни ойлау, бала үні Кері байланыс, жетелеуші сұрақтар, Ой дамыту Өлеңнің мазмұнын, мағынасын балаларға түсіндіру.	Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы: Ынтымақтастық атмосфера Қ.Баянбайдың «Керек» Ие керек итке, Ине керек жіпке. Икем керек іске, Иық керек жүкке. Сұрақ жауап Өлең не туралы айтылған? II. Ой қозғау 1.Өтілген дыбыстарды қайталау. 2.Жаңа дыбыспен әріппен таныстыру. Й дыбысы және әрпімен танысу. Йогурт сөзіне дыбыстық талдау жасау. «Йогурт» сөзінде барлығы неше дыбыс бар? Бұл сөзде неше буын бар? Себебі, ... Енді осы «Й» дыбысын зерттеп көрейік. Й Й Й Яғни Й дыбысы қандай дыбыс екен? Ол сөздің барлық буынында кездеседі. Сыни ойлау, бала үні,ашық сұрақтар III.Таптастыру әдісі Оқу ортасы арқылы саралау. Балаларды пазл, леги, сурет, киндер бойынша 4 топқа бөлу.	Әдіс – тәсілдер: бала үні, саралау, ширату әдісі, бақылау.Топтастыру әдісі. Заряд алу әдісі..Бақылау Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы: I.Шаттық шеңбері. «Дос болайық бәріміз» Дос болайық, бәріміз, Жарасып тұр әніміз. Тыныштықты сақтаймыз, Атсын күліп таңымыз. Қызығушылықты ояту II. Ғажайып сәт: «Аяз атаның сиқырлы қапшығы» Қапшықтың тапсырмасы: Пед жет ойын: «Санамақтар сыры» Санамақ айту. I.Қапшықтан шыққан 7 санымен таныстыру.7 саны туралы түсінік беру. Қазақта 7 саны киелі екенін айту және қазына сөзін математикада 7 санымен байланыстыра алу. бала үні I – қазына – «Жүйрік ат» Мағынаны ашу. Пед.жет. ойын.«Шатасқан сандар» Шарты: 1-ден 7-ге дейін сандарды тура және кері санау. -Сандардың ішінен 7 санын көрсету. Сыни ойлау, бала үні	қызыл текшелер, жеке тапсырма карточкалары, сызба ережелер, Әдіс – тәсілдер: бала үні, саралау, ширату әдісі, бақылау.Топтастыру әдісі. Заряд алу әдісі..Бақылау Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы: I. Шаттық шеңбер. Жарқырап күнде ашылды, Айналаға нұр шашылды. Қайырлы күн! Біз көңілді баламыз! Қайырлы күн! Біз бақытты баламыз!. Балалардан жыл мезгілін, апта күндерін сұрау. Бала үні. II. Ой қозғау. Өткен тақырыпты еске түсіру. - Дыбыс нешеге бөлінеді? - Қандай әріптермен таныстық? III.Қызығушылықтарын ояту Ертегі айту. Ертеде [О] деген дыбыс өмір сүріпті. Ол ән айтқанды жақсы көретін еді. Ол әнді жан-тәнімен беріліп айтады. Ән айтқанда аузы дөп-дөңгелек болып кетеді екен. Кәне, ол өлеңді біз де айтып көрейікші (әндетіп айту: О-о-о-о!) Ол барлық нәрсеге таңдана қарайды...	«Арайлап таң атты» Арайлап таң атты, Күн шуағын шашты. Сәлем күн, сәлем жер Сәлем достар Бәріміз бірге болайық. Жыл мезгілін, апта күнін сұрау. Бала үні. II.Қызығушылықты ояту. Өлең оқу Ж. Тұрбеков. Туған елім. Туған өлке – кең далам, Мәңгілік бақыт орнаған. Сайраңдаймыз саяңда Ерікті ұлан – біз балаң. Блум таксономиясы, Бала үні III.Ой қозғау Ашық сұрақтар Өлең не туралы айтылған? Туған өлке, Отан, туған жер деген сөздерді қалай түсінеміз? Біз қандай мемлекетте тұрамыз? Біздің Отанымыз не? ҚР рәміздерін ата ? Оларға сипаттама беру Астанамыз қалай аталады? Сендер қай облыста тұрасыңдар? Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, Бала үні Коммуникативтік дамыту. Ой дамыту. АКТ технологиясы. Слайд қарау. Отан туралы тақпақ
--	---	---	--	--

Сергіту сәті.(Заряд алу әдісі) Ал балалар тұрайық, Алақанды ұрайық. Бір отырып, бір тұрып, Жоғары-төмен қарайық. Бойымызға күш жинап, Бір секіріп алайық, Секіріп-секіріп алайық, Орнымызды табайық. Құрлымдалған ойын: «Өз мемлекетінің туынды тап» (үстел үстінде әр мемлекеттердің тулары суретте бейнеленген, балалар ішінен өз мемлекетінің туын табу керек) Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Кім тапқыр?» Шарты: жүргізуші сұрақ қоя отырып, бір балаға допты лақтырады. Ол жауабын айтып допты қайтып лақтырады. - Қазақстанның астанасы, қай қала? - Астана. - Қ. Республикасының президенті кім? - Біз қай елде тұрамыз? - Қ. Р. - Сен қай облыста тұрасың? - Көшеңнің атын айт - Балабқша қалай аталады? - Бәйтерек қай қалада орналасқан? Т.б	1-топ. Құрлымдалған ойын: «Пазл Шарты: шашылған әріптерден сөздер құрастыру. Бір-бірін тексеру. 2-топ. Құрлымдалған ойын: «Лего» Шарты: фигураларда жазылған кеспе әріптер бойынша сөздер құрастыр Ай ой май сай Атай сай қой шай сайман, т.б. 3-топ. Пед жет ойын: «Буын» Шарты: Киндер жұмыртқасы – ішіндегі сөздерді буынға бөл. Буын санын анықта, себебін түсіндір. 4-топ . Пед жет ойын: «Сурет тобы» Шарты: Сурет қиындысы – шыққан сурет бойынша мәтін құрастыр. Ширату сұрақтары арқылы ой қозғау. Мазмұнм арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні, тікелей бақылау Педагог жетекшілігімен ойын: «Кім тапқыр?» Үйшікте ит бар ма? Теңізде кит бар ма? (Өз мекендеріне қондырады) Сайда ай бар ма? Аспанда тай бар ма?	2 – қазына - «Алғыр тазы» Мағынаны ашу. Өрнек құра. 000000 0 $6+1=7$ $000\ 0000\ 7-3=4$ Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні 3 – қазына – «Берен мылтық» Мағынаны ашу. Пішіндермен жұмыс. Топқа бөлу. Зымыран және ұшақ құрастыру. Сыни ойлау, бала үні, топпен жұмыс 4 – қазына - «Ер жігіт» Мағынаны ашу. Сергіту сәті: .(Заряд алу әдісі) Аспанға қарап күн көрдім, Төменге қарап жер көрдім. Оңға, солға бұрылып, Егеменді ел көрдім! 5 – қазына – «Сұлу әйел» Мағынаны ашу. Кеңістікті бағдарлау. «Жол картасын бейнеле» сыни ойлау, бала үні, тікелей бақылау 6 – қазына – «Ілім – білім» Мағынаны ашу. Логикалық есептер. Алма бағы жайнаған. Қызыл алма айналам. Алдым үзіп бесеуін, Тағы да алдым екеуін.	Қандай әдемі бұлт! (Қалай таңданатынын көрсетейік: О-о-о-о!) Қандай терең көл! (О-о-о-о!) Қандай биік тау! (О-о-о-о-о!) Айналасындағылар [О] дыбысын жақсы көріпті. Адамдар онымен бірге «О-о-о-о-о!» деп бірге таңданады екен. Сендер де [О] дыбысын айтып көріңдерші. Қалай айтылады? Ерніміз алға қарай дөңгелене сүйірленеді. [О] дыбысын айтқанда, дыбыс кедергіге ұшырай ма? Олай болса, О – қандай дыбыс? Мазмұн арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні, тікелей бақылау Сергіту сәті Қарлығашқа ұқсайық, Қане қанат қағайық. Ұшып – ұшып алайық, Орнымызға қонайық. Ой дамыту. Оо әрпімен таныстыру. Енді осы дыбыстың қалай таңбалатынын көрейік. О әрпі неге ұқсайды? (Дөңгелекке, допқа, тоқашқа, сақинаға т.б.) О-ны әртүрлі көңіл күймен айтып көрейік. Мектеп сиқырлы орманның ар жағында	жаттау. –Мағынасын түсіндіру. Отан деген Атамекен Отан деген-туған жер. Отан –ана, Отан-үлкен Қазақстан туған ел. Отанды жас ,кәріміз де Туған жер деп сүйеміз Өйткені онда бәріміз де Туып өмір сүреміз. Бір қадам әдісі арқылы жаттау. 4К моделі , бала үні. Құрлымдалған ойын: «Туған жерді гүлдендір» Шарты: Ортақ ағашқа тілек айтып гүлдер ілу. Балаларды мадақтау. Қорытынды. Кері байланыс Бала үні «Туған жерді гүлдендір» ойынымен аяқтау. Балаларды мадақтау. 2.Жаратылыстану Тақырыбы: Төрт түлік Мақсаты: Қазақстанда қолда өсірілетін түлік түрлері, үй жануарларына күтім жасауды, олардың тіршілік қалпы туралы түсінеді. Ресурстар: үй жануарлары төлдері және жабайы аңдар ойыншықтары. Әдіс-тәсілі: 4К командада
---	--	--	---	--

	жетелеуші сұрақтар, бала үні, Коммуникативтік дамыту. Балаларды мадақтау. Қорытынды. Кері байланыс, бала үні Сұрақ жауап арқылы қорытынды жасау. Оқу қызметіне жақсы қатысқан балаларды мадақтау, мақтау. 3.Музыка Педагог жоспары бойынша 4.Қоршаған ортамен таныстыру Тақырыбы:Менің Отаным Қазақстан Мақсаты: Қазақстан кең-байтақ,бай мемлекет екенін түсіндіреді. Ресурстар: Қазақстан Республикасының картасы,Астана туралы слайд,рәміздер президент-тің суреті. Әдіс тәсілдер . АКТ технологиясы, бейнетаспа, 4К, бақылау. Мнемотехника Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы: І. Шаттық шеңбері: Біз балдырған тең басқан,	(Орындарын табу) Қайықта жан бар ма? Қалада мал бар ма? (Бар-жоқ) Қой мәңірей ме? Сиыр маңырай ма? (Дыбыстап көрсетеді) Коммуникативтік дамыту. 5.Педагог жетекшілігімен ойын: «Кім зерек?» Егер «М»-дан бастасаң, Тағамның бір түрімін. «М»-ны алып тастасаң, Түнгі аспанның нұрымын. Май- Ай Балалар «Ай» сөзіне түрлі қосымшаларды жалғау арқылы адам есімдерін шығарады: Айдос, Айдар, Айжан, Айнұр, т.б. Қорытынды жасау. Кері байланыс Бала үні Балаларды мадақтау. 2. Орыс тілі Педагог жоспары бойынша 3.Мүсіндеу Тақырыбы: Бота. Мақсаты: Мүсіндеудің әдіс-тәсілдерін үйренеді, қолдың ұсақ бұлшық еттері дамиды. Ресурстар: ермексаз, тақтайша, үлгі Әдіс – тәсілдер: бала үні,	Алдым сонда нешеуін? 7алма. Жаңа ғана шалғында, 7 бұзау жүр еді, Әлде шаршап қалды ма? Жатып қапты біреуі. Нешеуі енді жайылып, Жүргенін айт айырып. 7-1=6 -Бір-бірімен жарысқан Бір аю, бір арыстан, Екі қоян, 1 түлкі, Бәрі нешеу болыпты? Өнім арқылы саралау, сыни ойлау, бала үні 7-қазына -«Тай қазан» Суретпен жұмыс. Құрлымдалған ойын: «Сандар қатарын тап» Шарты: 7санынан тұратын заттарды бөліп жинау Қортынды Кері байланыс Ашық сұрақтар -бүгін біз қандай санмен таныстық? -7 санына байланысты қандай сөздер білеміз? Балаларды мадақтау 3.СУРЕТ Тақырыбы: Күн жарқырады Мақсаты: Дөңгелек пішінді заттарды салуға жетіледі, күннің суретін салу оны бояумен бояуға үйренеді.	болатын. Біз мектепке көңілді күймен шықтық. (Көңілді айту: О-о-о-о!) Орманның ішіне кіргенде, әдемі көріністі көріп, қатты таңдандық. (Таңдану, қызығу: О-о-о-о!). Орманның ішінде адасып кеттік. (Қорыққан дауыспен: О-о-о-о-о!). Алдымыздан орманыш атай шықты. (Қуанышты дауыспен: О-о-о-о-о!). Орман сөзіне дыбыстық талдау жасау. Коммуникативтік дамыту. Сыни ойлау, бала үні, Фонетикалық жаттығу. Ой, ой, ой, той, той, той. Ор, ор, ор, тор, тор, тор, Ол, ол, ол, тол, тол, тол. Педагог жетекшілігімен ойын: «Іздеушілер» Шарты: Тақтаға суреттер ілінеді. Оның ішінен тек [О] дыбысы бар сөздерді іздеу керек.Тақтаға шыққан бала тауып, ол сөздің дыбыстық сызбасын салады. Сызбаның ішінен [о] дыбысының орнын табады. Құрлымдалған ойын: «Буынды қос»	жұмыс, бала үні, бақылау мнемотехника Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы: Психологиялық сәт. Мынау менің жүрегім, Осыдан бәрі басталған. Мынау басым ақылды, Барлық істі басқарған. Мынау менің он қолым, Мынау менің сол қолым. Барлық істі атқарған. Мнемотехника. Қыс мезгілі Қызығушылықтарын ояту. Хатшы хат әкеледі. Хатты оқу Қымбатты балалар! Бұл хатты сендерге Білім ханшайымы жазып отыр, бұл жай хат емес ішінде сиқырлы тапсырмалар бар. Балалар сендерді ақылды, білімді, тәртіпті деп естідім. Сендер менің тапсырмаларымды қызығушылықпен орындайсыңдар деп сенемін » - деп жазыпты. Балалар Білім ханшайымының тапсырмаларын орындаймыз ба? Балалардың жауаптары 1-тапсырма. Үн таспадан үй жауарларының дауыстарын тыңдау. Ой қозғау.
--	--	--	--	--	---

	Дос құшағын кеңге ашқан. Тілегіміз әділдік, Ашық болсын кең аспан. Достық-өмір тірегі, Әр адамның тілегі. Жыл мезгілін, апта күнін сұрау. Мнемотехника Қыс мезгілі II. Қызығушылықтарын ояту Тосын сәт. Саяхатшы келеді. Қазақстан елі туралы білгісі келетінін айтады. III. Ой қозғау. Ашық сұрақтар -Балалар біздер Қандай Республикада тұрамыз? -Отан деген сөзді қалай түсінесіңдер? -Қазақстан Республикасының бас қаласы қалай аталады? -Ал, ауылымыз қалай аталады? АКТ технологиясы. Слайд Енді мына суреттер не көріп тұрысындар? -Бұл кім? -Мемлекеттік туды не бейнеленген? -Елтанбамызда не бейнеленген? -Ту мен елтанбаны көзбен көрдініз, ал әнұранды тұрып тындап айтайық. Бейнетаспа қарау Астана қаласына саяхат	саралау, Заряд алу әдісі..Бақылау Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы: 1.Үй жануарлары туралы түсінік беру. Пед жет ойын: «Төлін тап» Шарты: Сурет бойынша үй жануарларының төлдерін атау. Сыни ойлау, бала үні, Бақылау: тікелей Жұмыстың орындалу ретін түсіндіру. 4. Ермексازдан ботаны мүсіндеуді үйрету. 5.-Ермексازдан алдымен ботаның денесін жұмыртқа сияқты жасаймыз. -сосын мойынын жасау, әрі қарай басын, құлағын, көздерін жасау; -аяқтарын ұзын етіп жасау, және оны ботаның денесіне жапсыру. Креативтілік, жанама бақылау. Сыни ойлау Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме» Балалардың жұмысын баспалдақтарға қою арқылы бағалау. Сергіту сәті. (Заряд алу әдісі) Төскейден жел еседі, Төбемнен бұлт көшеді, Туған жерім мен үшін, Көк майсасын төседі.	Ресурстар: Тақырып бойынша сурет. Әдіс-тәсілі: 4К командада жұмыс, бала үні, тікелей бақылау. ҰОҚ жүргізу барысы Қызығушылықтарын ояту. Пед жет ойын: «Кім тапқыр?» Жұмбақ жасыру. Таңертең көзін ашады, Әлемге нұрын шашады. (Күн) Бала үні, сыни ойлау. Ой дамыту -Күн туралы түсінік беру. -Сұрақ – жауап . - Табиғат нешеге бөлінеді? -Тірі табиғат өсіп – өну үшін не керек? - Жарық, жылу, су, ауа. –Олар жылуды қайдан алады. – Күннің шуағы деген не? Мазмұн арқылы саралау, блум таксономиясы. Сергіту сәті: «Біз кішкентай баламыз» Біз кішкентай баламыз, Өсіп-өніп толамыз. Көкке қолды созамыз, Құстай қанат қағамыз. Қарлығаш боп ұшамыз, 1-2-3 өсеміз де, толамыз. Жұмыс жасаудың әдіс – тәсілін түсіндіру, көрсету Ұжымдық жұмыс жасау. Қадағалау, көмектесу Креативтілік, бала үні Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау Саусақ жаттығуы: «Дос болайық»	Шарты: О дыбысы бар буындарды қосу. Қортынды Балаларды мадақтау 3. Музыка Педагог жоспары бойынша 4. Өзін өзі тану. Тақырыбы: Менің елім Қазақстан. Мақсаты: Балалардың бойында қоршаған ортамен (балабақша, отбасы, қоғамдық ортамен) адамгершілік қарым-қатынас тәжірибесін қалыптастырады. Ресурстар: Қазақстан Республикасының картасы, Астана туралы слайд, рәміздер президент-тің суреті. Әдіс тәсілдер . АКТ технологиясы, 4К, бақылау. Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы: Шаттық шеңбері. 1.-Отан жайлы әңгіме жүргізу. 2.Отан туралы түсінік беру. (АТК) 3. Сұрақ-жауап. -Балалар отбасы дегеніміз не? - Отан отбасынан	Үй жануарларының қандай түрлерін білесіңдер? - Адамдар оларға қандай қамқорлық жасайды? -Үй жануарларының қандай пайдасы бар? Ой дамыту. Суретпен жұмыс. Үй жануарларын тақтаға ілу.  Балаларға әңгімелету. Құрылымдалған ойын: «Төлдерін, балаларын ата» 2-тапсырма Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын. «Сиқырлы қоржын» -Балалар үй жануарларын және жабайы аңдар ойыншықтарды атап, қайда мекендейтінін айтады Балаларды мадақтау. 3-тапсырма Сергіту сәті: .(Заряд алу әдісі) 4-тапсырма. Құрылымдалған ойын: «Не артық?» Балалардың алдына үй жануарлары мен жабайы аңдар аралас қойылады,
--	---	--	--	---	--

	жасайық. Астананың көріктерін тамашалау Сергіту сәті. (Заряд алу әдісі) Тік ұста бойынды, Жоғары соз қолынды. Соз қолынды тағыда, Жеткіз, кәне аспанға Сыйлық Саяхатшыға естелікке тудың суретін жасап берейік. Шығармашылық орталықта жұмыс жасау. Үлгі көрсету, түсіндіру. Креативтілік, жанама бақылау. Командамен жұмыс Қорытынды. Кері байланыс, Бала үні Саяхатшы балалараға рахмет айтып қоштасады. Балаларға сұрақтар қою арқылы қорытындылау. Мадақтау.	(қимылмен көрсету) Қорытынды жасау Кері байланыс, бала үні Балалары мадақтау. 4. Ата тегі асыл қазынам	Торғайлармен дос болайық Көңілдірек қанекей. Жем береміз, бәріміз. Егер жаңбыр жауа қалса, Тығыламыз бәріміз. күн шуағын шашса бізге, қуанамыз бәріміз. Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме» Балалардың жұмысын мадақтау 4.Ғажайып әлем	басталады дегенді қалай түсінесіңдер? Бала үні, Сыни ойлау Сергіту сәті. (Заряд алу әдісі) Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын. «Доп»: жүргізуші сұрақ қоя отырып, бір балаға лақтырады. Ол жауабын айтып допты қайтып лақтырады. - Ал, қане бастайық: - Қазақстанның астанасы, қай қала? - Астана. - Қ. Республикасының тұңғыш президенті кім? - Н. Ә. Назарбаев. - Біз қай елде тұрамыз? - Қ. Р. Ашық сұрақтар.Тікелей бақылау Қорытынды. Жүректең – жүрекке: Өз– отанымды сүйемін! 4.Қауіпсіз мінез – құлық негіздері Тақырыбы: Ертеңгілік жаттығулар. Дене бітімі дегеніміз не? Мақсаты: Ертеңгілік жаттығулардың денсаулыққа пайдасы туралы айтады. Ресурстар: Тақырыпқа	балалар жабайы аңдарды алып тастау керек. Қалған жануарларды бір бірден сипаттайды. 4К ,бақылау Балаларды мадақтау Қорытынды: Кері байланыс Ашық сұрақтар Тыйым соз арқылы қорытындылау - Малды аяқпен тебуге болмайды; - Таяқпен маңдайына ұруға болмайды; - Малдың сүтіне түкіруге болмайды. 3. Жапсыру. Тақырыбы: Тақырыбы: Поезд (ұжымдық жұмыс) Мақсаты: Түрлі-түсті қағаздардан геометриялық пішіндерді (төртбұрыш, шаршы, дөңгелек) қиып, қағаз бетіне жапсырып, дұрыс орналастыра алады. Ресурстар: Геометриялық пішіндер, қайшы, желім, қылқалам, фломастер (түрлі-түсті қарындаш). Әдіс-тәсілі: 4К , бала үні, тікелей бақылау. Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы: І.Шаттық шеңбері. "Бала, бала, баламыз" Е.Өтетілеуұлы.
--	---	--	---	---	---

				байланысты суреттер Әдіс-тәсілі: 4К , бала үні, заряд алу әдісі .Миға шабул әдісі Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы. Шаттық шеңбер Отбасының гүліміз, Көңілді өтер күніміз. «Қайырлы таң» деп айтамыз, Бір болып, кеште қайтамыз. 2.Миға шабуыл -Таңертең ұйқыдан оянып не істейсіңдер? -Жаттығу не үшін жасаймыз? Ашық сұрақтар 3.Сергіту сәті(Заряд алу әдісі) Кәне сапты түзейік, Тіземізді бүгейік. Ыршып алға түсейік, Ыршып артқа түсейік. Шекірткедей ырып, Көбелекше ұшып. Отырамыз,тұрамыз. 4. Жаттығу «Массаж» Шарты. Балалар дөңселеніп қос-қостан тұрып, бір-бірінің арқаларына массаж жасайды. 5. Құрлымдалған ойын: «Суреттерді салыстыр» Түзу отырған бала мен қисайып отырған баланың	Бала,бала,баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамызда қаламыз! Бала үні. Педагог жетекшілігімен ойын: «Поезд даусы» ІІІ.Ой қозғау. Қандай ойын ойнадық? - Сендер көліктің қандай түрлерін білесіңдер? - Пойыз түрлерін атаңдар? - Жолаушылар мен жүк тасымалдаушы пойыздардың айырмашалығы неде? Ашық сұрақтар, бала үні Ой дамыту. - Суретіне қарап әңгіме жүргізу. Сыни ойлау, бала үні, блум таксономиясы. Топқа бөлу. Оқу ортасы арқылы саралау. Пішіндер арқылы 4 топқа бөлу. Жұмыс жасаудың әдіс- тәсілдерін түсіндіру, көрсету. 1-топ топ вагондарды, 2- топ терезелерін, 3- топ дөңгелектерін, 4- топ жолдарын қияды. Сергіту сәті: (Заряд алу әдісі) Орнымыздан тұрайық, Қолды алға созайық. Бір отырып,бір тұрып,
--	--	--	--	---	--

				суретін салыстыру. Сұрақтар қою. 6.Қорытындылау. Кері баланыс. Ашық сұрақтар Бала үні Мадақтау.	Жоғары, төмен қарайық, Орнымызды табайық. 4. Ой дамыту Құрлымдалған ойын: «Көңілді пойыз» Шарты: Поезд тіркемесін құрап, тақтаға іледі. 4 к моделі, бала үні. Өнім арқылы саралау Жетелеуші сұрақтар арқылы бақылау. Қортынды. Кері байланыс Бала үні Балаларды мадақтау. 4 Мейірімділік пен Ә.М Тақырыбы: «Мейірімділік – асыл қасиет» Білімділік: Балаларды мейірімді болуға, қайырымдылық көрсетуге дағдыландыру. Дамытушылық: Балаларды мейірімділік, қайырымдылық туралы түсініктерін кеңейту. Тәрбиелік: Қамқорлық жасауға жетелеу, мейірімділікке тәрбиелеу
Серуенге дайындық	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау.				
Серуен:	Картотека №1 Қырауды бақылау.	Картотека № 2 «Қарды бақылау»	Картотека № 3 «Суық торғайды бақылау»	Картотека №4 Бұршақты бақылау	Картотека № 5 Қар жауып тұрған құбылысты бақылау. .
	ҚЫС СЕРУЕН КАРТОТЕКАСЫНАН (картотека қосымша тігілген)				

Серуеннен оралу	Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі. Гигиеналық шаралар. Ойын жаттығу: Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз.				
Түскі ас	Ұқыпты тамақтану дағдыларын, ас құралдарын қолдану дағдыларын жетілдіру. Тамақтану алдында мұқият жуынуды, тамақтану әдебін сақтап, асты аз-аздан алып, шусыз жесуді үйрету. Тамақтан соң ауыздарын шаюды қадағалау.				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	№5 1. Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық. .	№7 1. Ояну Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	№9 1. Ояту Ұйқыдан біз тұрайық Көзімізді ашайық Анда- мында созылып Тарқасайық, тұрайық	№2. 1. Ояну Балапандар тұрайық Көзімізді ашайық Жан-жаққа біз қарайық Бір күлімдеп алайық.	№5 1. Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық.
	Ұйқыдан ояту жаттығу картотекасынан				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын «Хайуанаттар бағына саяхатқа» Шарты: Үн таспа арқылы құстардың сайраған құстардың үні естіледі. Дауыс арқылы құстарды табу. .	Вариативтік бөлім	Вариативтік бөлім	Құрлымдалған ойын: «Жануарларды құрастыр» Шарты: Жұмбақтың жауабын тапса, қандай жануарларды құрастыратындарын біледі. Жұмбақтар Үстінен тоны түспеген, Сонда да араз қыспенен. (Аю) Еріксе, Құйрығымен ойнайды. Зеріксе, Ұйқыға бір тоймайды. (Мысық)	Вариативтік бөлім
	Балалармен жеке жұмыс Логикалық тапсырмалар	Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс	Балалармен жеке жұмыс
Серуенге дайындық	Серуенге шығу туралы балаларға түсіндіру жұмыстары. Киімдерін дұрыс кие білуге үйрету. Аяқ киімнің оң солын түсіндіру. Серуенге шығу.				

<i>Серуен</i>	<i>Карточка №1</i> <i>Қырауды бақылау.</i>	<i>Карточка № 2</i> <i>«Қарды бақылау»</i>	<i>Карточка № 3</i> «Суық <i>торғайды бақылау»</i>	<i>Карточка №4</i> <i>Бұршақты бақылау</i>	<i>Карточка № 5</i> <i>Қар жауып тұрған</i> <i>құбылысты бақылау.</i>
	<i>Таңертеңгі серуенді бекіту.</i>				
<i>Балалардың үйге қайтуы</i>	<i>Тәрбиеші:</i> <i>Ата-аналармен балалардың көңіл күйі туралы әңгімелесу.</i> <i>Медбике:</i> <i>Ата-аналармен балалардың денсаулығы жөнінде әңгімелесу.</i>				

7 санына қосымша түсініктеме. Сөздік: Қазына.

Қазына дегеніміз – мол байлық.

«Ер қанаты -ат» деген қанатты сөз бар. Халқымыз төрт түлік малдың ішінде жылқыны ерекше бағалаған. Жылқының етін, қазы-қартасын жеп, қымызын ішкен, терісін пайдалан-ған. Жау шапса, бір-бір атқа мініп, дұшпанына тойтарыс берген.

Тазы – иттің бір тұқымы. Тазы итпен ата-бабаларымыз аң аулаған. Тазы – артық қырым еті жоқ ит. Онымен қасқыр, түлкі, қарсақ ұстаған. Ит адамға қолқанат болып, мал күзеткен.

Ертеде аталарымыз-дың үйінде найза, айбалта, қылыш, мылтық болған. Дұшпандарын мыл-тыкпен жеңген. Батырларымыз жауға осы қару – жарақпен шыққан.

«Ер ел қорғаны» дейді дана халқымыз. Кең байтақ жерімізді, өзен, көл, орманы-мызды, көгілдір тау-ларымызды жаудан қорғап, кейінгі ұр-паққа аманат етіп қалдырған ер баба-ларымыздың өте бол-ған, ол Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай, Шапырашты Наурызбай, Райымбек батыр, Жәнібек батыр т.б.

Әйел - ол ана, жар, апа, қарындас. Ажарына ақылы сай, мінезге бай, еріне сүйеу бола білген, үйдегі балаларын мәпелеп, тәрбиелеп өсірген.

Жақсы әйел - әрбір отбасының ұйтқысы, ырыс-берекесі.

Адам баласы пайда болғалы ілім-білімге ұмтылып келеді. Осының арқасында машина, трактор, радио, теледидар, ұшақтар, компьютер дүниеге келді. Сондықтан ілім-білім, ғылымды игерсең еш қор болмайсыңдар.

ЦИКЛОГРАММА
II апта желтоқсан 2021ж
Мектепалды даярлық тобы.

Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»
Тақырыпша: «Туған өлкем»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-аналармен әңгімелесу	Балалардың көңіл-күйін бақылау. дене қызуын өлшеп тазалықтарын тексеру. Арнайы журналға тіркеу. Мәдени- гигиеналық шараның орындалуын қадағалау. Медбике, психологпен бірлескен жұмыс. Ата-аналармен жұмыс: «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу.				
Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Карточка № 4 Құрылымдалған ойын. «Заттық фриздер» Мақсаты: Заттарды көріп сипаттау қоршаған орта жайлы түсінеді. Сыни ойлау, бала үні	Карточка № 8 Педагог жетекшілігімен ойын. Карточка № 13 «Жол әліппесі» Мақсаты: көшеде жүру ережесін, жүргізушілерге арналған жол белгілерін айта алады. Сыни ойлау, бала үні	Карточка №-19 Құрылымдалған ойын. «Суретші қай жерде қателесті?» Мақсаты: Балалар суреттегі сәйкессіздікті таба алады. Сыни ойлау, бала үні	Карточка № 14 Құрылымдалған ойын. «Қайда не өседі?» Мақсаты: Заттардың арасында кеңістік байланыстарын қоя біледі. Сыни ойлау, бала үні	Карточка №15 Құрылымдалған ойын. «Аңдарды қоректендір» Мақсаты: Ісаны, және цифры туралы түсініп, айта алады. Сыни ойлау, бала үні
	ТАНЫМ ДИДАКТИКАЛЫҚ ОЙЫНДАР КАРТОТЕКАСЫ				
Таңертеңгі гимнастика	Желтоқсан айының 2- аптасына арналған таңғы жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелген Мақсаты: Жалпы даму жаттығуларын дұрыс жасай отырып, баланың қимыл-қозғалысын шыңдау				
Таңғы ас	Тамақ ішу мәдениетін, үстелде отыру, тамақтану, асхана құралдарын дұрыс ұстау мәдениетін қалыптастыру және сақтау Ас мәзірімен таныстыру. Астың құрамындағы дәрумендер жайында айта отырып, асты тауысып жеуге кеңес беру. Әдептілік ережелерін түсіндіру. Тәтті тамақ жейміз. Рақмет аспаз дейміз				
Ойындар, ҰОҚ дайындық	ҰОҚ өтілу барысына қажет құралдарды, көрнекіліктер дайындау Қол ұстасып, дөңгеленіп, Тұра қалдық екеуміз. Өзіміз де дөңгелек				

	Күнге ұқсайды екенбіз Бала үні				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтері	1.Сөйлеуді дамыту Тақырыбы: Біз тұратын ауыл Мақсаты: Өздернің ауылы туралы әңгімелеп беруге үйренеді. Сөйлеу тілі дамиды. Ресурстар: Өз ауылының суреттері. Әдіс-тәсілі: 4К , бала үні, саралау, жаппай бақылау.Акт технологиясы Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы. Шаттық шеңбер. Армысың, шапағатты күн-ана! Армысың, шапағатты аспан-ана! Құт дарытқан елімізге, жерімізге Армысың, мейірімді Жер-ана Ой дамыту. Әңгімелесу. Балалар, бүгін мен сендерге туып өскен жеріміз, ауылымыз жайлы әңгімелесеміз. Ашық сұрақтар Бала үні. Сыни ойлау. Коммуникативтік дамыту Ой қозғау. Ал, балалар сендер қай ауылда тұрасыңдар ? Көшелеріңізді аты қалай аталады? Ауылда қандай ғимараттар	1.Сауат ашу негіздері. Тақырыбы: Е дыбысы және әрпі. Мақсаты: Құрамында е дыбысы бар сөздерді талдау, оларды ажырата білуге үйренеді. Е дыбысы және әрпімен танысады. Ресурстар: әріптер, суреттер, тақия Әдіс-тәсілі: 4К , бала үні, саралау, жаппай бақылау.Миға шабул әдісі Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы. Балаларды ұйымдастыру. Амандасу. Жыл мезгілін апта күнді сұрау. II Ой қозғау. «Сиқырлы тақия» Шарты;Өткен әріпті еске түсіру Дыбыс дегеніміз не?(айтамыз және естиміз) Әріп дегеніміз не? (әріптерді көреміз және жазамыз) Дыбыстар нешеге бөлінеді?(дауысты және дауыссыз) Ашық сұрақтар Бала үні. Сыни ойлау. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Шағылған әріптер» Әр әріпке бір сөзден айту. Сыни ойлау, Коммуникативтілік дамыту.	1.Денешынықтыру Педагог жоспары бойынша 2.Математика негіздері Тақырыбы: 8 саны мен цифры. Мақсаты: Балалар 8 саны мен цифрымен танысады. 1-ден 8-ге дейінгі цифрларды ажырата алады және тани біледі. Ресурстар: пішіндер , 1 - 8 кеспе цифрлары, аю, тиін суреттері Әдіс-тәсілі: 4К , бала үні, заряд алу әдісі .Миға шабул әдісі Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы. Шаттық шеңбер “Дос болайық,бәріміз” Х.Талғаров. Дос болайық бәріміз, Жарасып тұр әніміз, Тыныштықты сақтаймыз, Атсын күліп таңымыз. 1. Ой қозғау -Қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? – Атау. -Айырмашылығы неде? Ашық сұрақтар Бала үні. 2. Мағынаны тану. Пішіндердің ортақ белгісін анықтау. (төртбұрыш, үшбұрыш, дөңгелек)	1. Сауат ашу негіздері Тақырыбы: Қ дыбысы мен әрпі. Мақсаты: Қ дыбысы және оның әріп таңбасымен танысады. Балалар анық, таза сөйлеуге үйренеді. Ресурстар: әріптер, суреттер, Әдіс-тәсілі: 4К , бала үні, заряд алу әдісі .Миға шабул әдісі Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы. Шаттық шеңбері. «Кел,балалар күлейік» Ө.Тұрманжанов. Кел,балалар күлейік! Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек. Көңілді болып жүрейік! Ой қозғау. - Қазір жылдың қай мезгілі? - Күз неше айдан тұрады? - Күзді неге «алтын күз» деп атайды? Ашық сұрақтар Бала үні. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Табиғат мейірімді». Шарты: Тәрбиеші сөйлемді өзі бастап береді. Балалар сөйлемді әрі қарай жалғастырады. - Жер-Ана мейірімді,	1.Жапсыру. Тақырыбы: Әдемі жалаушалар Мақсаты: Жалаушалардың қолдану қасиеттері туралы түсінеді, өз ойын білдіреді. Ресурстар: түрлі түсті жалаушалар, үлгі, желім, әр балаға қағаз, қайшы. Әдіс-тәсілі: 4К , бала үні, Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы. Шаттық шеңбері. "Бала,бала,баламыз" Е.Өтетілеуұлы. Бала,бала,баламыз, Бақшамызға барамыз. Күні бойы қызыққа Батамызда қаламыз! II.Қызығушылықтарын ояту. Миға шабул Жұмбақ жасыру. Әр мереке сайын, Желбіреді әсем. Қызыл – жасыл әртүрлі, Түстері де көркем. (Жалаушалар) 2.ІОй дамыту 1.Жалаушалар туралы түсінік беру. Ашық сұрақтар .сыни ойлау. -Жалауша дегеніміз не? - Әдемі жалаушаларды

бар? Балалардың жауаптарын тыңдау. Ал, балалар, енді мына бейне роликке назарларыңды аударыңдар. Ашық сұрақтар АКТ технологиясы. Мына бейне роликте сендер нені көрдіңдер? Балалар, көрдіңдер ме біздің ауылымыз көптеген үйлер мен әдемі ғимараттар мен көркейді. Бұның бәрін бізге кімдер салып береді? Сергіту сәті. (Заряд алу әдісі) Қара жорға әні мен бой сергіту. Шығармашылық орталықта жұмыс. Оқу ортасы арқылы саралау Балаларға ауылымыздың табиғатының суретін салдыру. Балаларды мадақтау. Қорытынды. Кері байланыс Бала үні Құрылымдалған ойын.: «Біздің ауыл қандай?» . 2.Музыка Педагог жоспары бойынша 3.Құрастыру	III. Жаңа тақырып. Миға шабуыл Жұмбақ шешу. Мақсаты: Е е дыбысын таныстыру, сөздегі орнын анықтауға үйрету 1) Жұмбақ жасыру Басында үшкір істігі бар, Өзіне лайық тон пішкен, Секіріп тастан түскен. (Ешкі) Қалғиған қос құлақты, Теңбіл түрі көрікті, Мекен жері бұлақты, Білемісің... (Елікті) -осы жауаптар қандай дыбыстан басталып тұр? - Ендеше бәріміз Е деп айтып көрейік. 4. Ой дамыту. Е е дыбысы туралы түсінік беру - Е дыбысы қалай айтылады? - Созылып айтылады Е е дыбысы дауысты дыбыс. Себебі ол созылып, тоқтамай айтылады. Е е дыбысын айтқанда дауысымыз жіңішкеріп стіледі. Е е дыбысы ерін арқылы айтылады. Е е дыбысы сөздің басында, ортасында, соңында айтылады. Мысалы, емен деген сөзде е дыбысы сөздің басында және ортасында естіліп тұр. Немере деген сөзде е дыбысы сөздің ортасында және соңында	Мысалы: -Үшбұрыштардың түсі, пішіні бірдей. -Ал, айырмашылығы неде? -Көлемінде. 3. Ой дамыту Аз- кем ұғымдары. Педагог жетекшілікпен ойын: «Аңдарды қоректендір» Ашық сұрақтар Тиінге неше саңырауқұлақ бердің? – Аюда неше құлпынай болды? – Жанына сандарды қою арқылы санау. Сыни ойлау. 4. Жаңа оқу қызметі Ой дамыту. 8 санымен таныстыру. Санның құрамын анықтау. –8 санын әуеде жазу. – 8 саны неге ұқсайды? Көзілдірік, екі допқа, бантикке, балапанға, аққалаға. -8 санының орнын анықтау. 0 1 2 3 4 5 6 7 8 -8 саны қандай сандардан артық? 8>7 8>5 8>3 8>1 8>6 8>4 8>2 8>0 5. Миға шабуыл әдісі Логикалық есептер. Айнұрда болды 5алма Айгүл берді 3 алма. Ойланып, кәне, көрейік –	өйткені ол ... (көкөністер мен жемістерді өсіреді). - Күн мейірімді, өйткені ол ... (жарығын, жылуын береді). II. Ой дамыту Миға шабул әдісі Жұмбақ жасыру. Жапалақтап жауады Жердің бетін жабады (Қар) Кішкене ғана бойы бар Айналдырып киген тоны бар(Қой) Қалқыып оның құлағы Елеңдеп қорқып тұрады (Қоян) Қар,қой,қоян, деген сөздерде бірінші қай дыбыс естіліп тұр. Сыни ойлау,бала үні Жаңа әріппен таныстыру. -Қ дыбысы -Кәне, бәріміз Қ деп айтып көрейікші - Қ Қ Қ қалай айтылып тұр? -Қысқа кедергіге ұшырау арқылы айтылып тұр... -Дауысты ма, дауыссыз ба? Сыни ойлау, Коммуникативтілік дамыту. Сергіту сәті. (Заряд алу әдісі) Орнымыздан тұрайық	қай кезде көресіңдер? Сөздік жұмыс. «Топтастыру» әдісі саралау Балаларды топқа бөлу 1-топ Қызыл 2-топ Сары 3-топ Жасыл Жұмысқа қатысты материалдарды атау, көрсету. Жұмыс жасаудың әдіс-тәсілін түсіндіру. Тазалық, ұқыптылық, қауіпсіздік туралы ескерту. Креативтілік, сыни ойлау, 3. Өз беттерінше жұмыс. Қадағалау, көмек көрсету Құрылымдалған ойын. «Біздің көрме» Балалардың жұмысын мадақтау. 2.Көркем әдебиет Тақырыбы:Туған жер әңгіме. Мақсаты:Туған жер туралы әңгіме оқиды. Шығарманың эмоционалды бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулиды. Ресурстар:Слайд.Қазақстан Республикасының
--	---	--	--	--

Тақырыбы: Достық үйі Мақсаты: Конструктордан ғимарат құрастыру дағдыларын қалыптастырады. Бөліктерді ұқыпты құрастырады. Ресурстар: Конструктор Әдіс-тәсілі: бала үні, АКТ технологиясы Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы. Шаттық шеңбер Қуан шаттан, алақай! Қуанатын келді күн, Қайырлы таң! Қайырлы күн ! Күліп шықты күн бүгін. Қызығушылықтарын ояту. АКТ технологиясы. Ғимараттар Ой қозғау. Балалар ненің ғимараттар-ын тамашаладық. Дұрыс, балабақша, аурухана, музей, мектеп ғимараттарын тамашаладық Балабақша ғимаратын құрастыру. Үлгі көрсету. Балалардың жұмысын бақылау. Сыни ойлау. Бала үні . Креативтік Жаппай бақылау. Жеке көмек. Бақылау. Сергіту сәті (Заряд алу әдісі)	естіліп тұр. Сергіту сәті. (Заряд алу әдісі) Қатты нөсер басылды (жаймен тырсылдатады) Күн жарқырай ашылды (қолдарымен күн жасайды) Көктен төмен әдемі кемпірқосақ шашылды «Топтастыру» әдісі саралау Топтық жұмыс. Құрлымдалған ойындар. I-топ: «Кір жайғыш» әдісі арқылы Е әрпінен келетін суреттерді кір қыстырғышпен ілу керек. Сыни ойлау, Коммуникативтілік дамыту II-топ: «Әріптерден сөз құрау. III-топ: Қиылған әріптерді құрастырып, шыққан әріпке сөз, сөзге сөйлем құрау. Сыни ойлау, Коммуникативтілік дамыту IV-топ: Емен. Есім, Етік, Терезе, Темір сөздерін буынға бөлу, Е әріні сөздің қай жерінде келіп тұрғанын айту. Сыни ойлау, Коммуникативтілік дамыту Қортынды Кері баланыс. Ашық сұрақтар Бала үні Балаларды мадақтау. 2.Мүсіндеу.	Айнұрда болды қанша алма? $5+3=8$ Айманда болды бес алмұрт, Әселге берді екі алмұрт. Айманда қалды неше алмұрт? $5 - 2=3$ Сегіз алмұрт базардан Сатып алды Айнара Одан бесеу алғанда Қанша қалды дорбада? Кеспе сандармен жұмыс. Бала үні, сыни ойлау Сергіту сәті. (Заряд алу әдісі) Бір деп- тік тұрамыз Екі деп -екі рет айналамыз, Үш деп- үш рет секіріп. Төрт –дегенде отырамыз! Құрлымдалған ойын: «Заттар қандай геометриялық пішіндерге ұқсайды?» Балаларға суреттерді қарап, онда бейнеленген заттарды атауды сұрайды. Геометриялық пішіндеріне оларға ұқсайтын заттарға дейін сызып қосуға тапсырма беру Қорытынды. Кері баланыс. Ашық сұрақтар Бала үні Балаларды мадақтау. 3.Сурет салу Тақырыбы: Байтерек Мақсаты:Түзу, домалақ пішіндерді салуды,	Қолымызды созайық Құсқа ұя жасайық Алдына жем шашайық Қане қанат қағайық Орнымыз табайық «Топтастыру» әдісі саралау Балаларды топқа бөлу. Құрлымдалған ойындар. Әріп тобы: Сөздерді буынға бөлу. Қармақ, қалақ, қайшы, Сыни ойлау, Коммуникативтілік дамыту. Дыбыс тобы: Сурет бойынша сөйлем ойлау. Креативтілік, сыни ойлау Буын тобы: Дыбыстық талдау жасау. Қалта, қар, қауын. Сыни ойлау, Коммуникативтілік дамыту. Сөз тобы: Сөз басында, ортасында, соңында Қ дыбысынан келетін сөдер айту. Сыни ойлау, Коммуникативтілік дамыту. Қортынды Кері баланыс Ашық сұрақтар Бала үні. Балаларды мадақтау Смайлктер беру.	картасы,рәміздердің суреттері, Әдіс-тәсілдері: Ашық сұрақтар,заряд алу әдісі.Бала үні Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы. 1.Шаттық шеңбері. Армысың асыл күн, армысың жан досым. Жылуыма жылу қос, міне, менің қолым. 2. Ой қозғау. Балаларды бір қатарға тұрғызып,қолдарын жүрек тұсына қойып,Қазақстан Республикасының Гимнін орындатамын. Кіріспе әңгіме: -Балалар,біз қай республикада тұрамыз? -Рәміздерге не жатады? -Бас қаламыз қай қала? - Отан деген не? Ашық сұрақтар .Сыни ойлау. 3.АКТ технологиясы Слайд. 1) Қазақстан Республикасының картасымен таныстырамын. 2)Республикасының рәміздерімен таныстырамын. 3)Гимннің авторларымен таныстырамын.
--	---	---	---	--

	Қолдарыңды көтеріңдер – бір дейік. Көп отырып, қатты шаршап жүрмейік. Қолды создық, басты бұрдық – екі деп, Қозғалыспен әрбір адам жетіледі. Алға, артқа қарадық та – үш дедік. Тағы жаңа жаттығулар жасадық. Түсірейік қолды төрт пен бес ті айтып, Отырайық көңілді енді марқайтып. Қорытынды. Кері байланыс. Бала үні Балалардың жұмыстарын бағалау. Мадақтау. 4.Денешынықтыру. Педагог жоспары бойынша	Тақырыбы:Торсық. Мақсаты: Ермексазды пайдаланудың әдіс-тәсілдерін үйренеді, ыдыстарды мүсіндеудің техникасымен танысады. Ресурстар: түрлі түсті ермек саз, ермексаз кесуге арналған құрал, сулық мүсіндеуге арналған тақтайша,үлестірмелі материал, жұмыстың дайын үлгісі. Әдіс тәсілдер: Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын. «Ыдыс түрлерін ата» Балаларды қазақ халқының ұлттық шеберлігімен таныстыру (сандық,домбыра,табақ, тостаған, кесе) Ой қозғау. - Осы бұйымдарда не бейнеленгенін сұрау. -Қандай ою өрнек білетіндерін сұрау. 2. Қазақ халқының ұлттық ыдыс – аяқтарының ішінде «торсық» ыдысына толығырақ тоқталу. «Торсық» ыдысының пайдасы, қолданылуы жайында түсінік беру. Торсық - сусын құюға арналған тері ыдыстың бір	бәйтеректің суретін салу және оны бояуды біледі. Ресурстар: Байтерек суреті, ақ қағаз, түрлі түсті карандаштар, үлгі Әдіс-тәсілдер: 4К , бала үні, саралау, креативтілік, командада жұмыс, бақылау. Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы. Балалардан жыл мезгілін,апта күндерін,ай атын сұрау. Ой қозғау. Республикамыз, яғни еліміз қалай аталады? - Елбасымыз кім? - Мемлекеттік Рәміздерді кім айтады?? -Жарайсыңдар, елордамыз қай қала? Астанада не бар? Ашық сұрақтар,Бала үні, сыни ойлау. Астанаға саяхатты хабарлау. АКТ технологиясымен жұмыс. Слайд. Байтерек туралы түсінік беру. Бәйтерек -Қазақстан мемлекетінің символы. Дүние жүзінде теңдесі жоқ,бірегей сәулетті ғимарат. Мұнда келушілер шыны шарда орналасқан жарық әрі кең көру залына понарамалық лифт арқылы	2.Музыка Педагог жоспары бойынша 3. Өзін-өзі тану. Тақырыбы: Менің-Қазақстаным. Мақсаты: Өз елінің тарихына қызығушылығы қалыптасады, патриот сезімі оянады Ресурстар: Қазақстан Республикасының картасы,буклеттер, рәміздер Әдіс-тәсілі: 4К , бала үні, Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы. Шаттық шеңбері. Жақсылықтан үйреніп, Боламыз біз жақсы адам. Жамандықтан жасиреніп, Үлгі аламыз жақсыдан. 2. Тыныштық мезеті Барлықтарыңыз көздеріңізді жұмыңыз. Тыныштықта тұрып, өзімізді тындайық, табиғат-анамызды тындайық. Алақандарыңызды күннің көзіне жайыңыз. Көк аспаннан және күзгі жердің суығы ағатын жылы күннің сәулелерін сезіңіз (тыныштық). Қазір біз көзімді ақырын ашып, басқа жаққа қарай	Сөзін жазғандар: Жұмекен Нәжімеденов, Нұрсұлтан Назарбаев Әнін жазған: Шәмші Қалдаяқов Сергіту сәті. (Заряд алу әдісі) Көтеріліп шаңырақ Уақтары шанышлар, Кергелері керіліп, Өрімдей боп өріліер. Бәріміз жүрсек айналып Киіз үй болып керілер. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Мен бастаймын, сен аяқта» -Бәйтерек орналасқан. -Менің Отаным..... -Астанада әдемі ғимар..... -Мен Отанымды Қорытындылау. Кері баланыс. Ашық сұрақтар , Бала үні Сұрақ жауап арқылы аяқтау. Балалардың жұмысын ата-аналар бұрышына қою. Мадақтау. 3.Жаратылыстану. Тақырыбы: Қазақстанның жер аумағында тіршілік ететін жабайы аңдар Мақсаты:Туған өлкені
--	--	---	---	--	--

		түрі. Бұл қымыз, айран сияқты сусын құюға, алып жүруге ыңғайлы ыдыс. Торсық түйенің, бұғының, өгіздің мойын терісінен жасалады. Шұбат, қымыз, айран сұйық заттардың барлығы құйылады. Сыни ойлау, Коммуникативтілік дамыту. 3.Торсықты мүсіндеуді ккрсету,түсіндіру. Торсықты мүсіндеп, қазақ оюларымен әшекейлеуге үйрету. креативтілік, командада жұмыс 4.Сергіту сәті. (Заряд алу әдісі) Қолды созып алдыңа, Қайшылашы беріліп. Ұста мұны жадыңда, Кеудең тұрсын керіліп. /қолды созып, қайшылау, керілу/ Жеке көмек Қорытынды жасау. Кері баланыс. Ашық сұрақтар , Бала үні Галеряны шарлау. Балаларды мақтап,мадақтау. 3. Ата тегі асыл қазына 4. Орыс тілі Педагог жоспары бойынша	көтеріледі. Үдеріс арқылы саралау, сыни ойлау. Сурет салудың әдіс тәсілдерін көрсету, түсіндіру. Үлгіні талдау. Балалардың өз бетінше жұмысы Креативтілік дағды Командада жұмыс Мазмұн арқылы саралау Құрлымдалған ойын: «Біздің көрме Шарты: Салған суреттерді тақтаға іліп, бір-бірін бағалау. Қорытынды. Кері баланыс. Ашық сұрақтар , Бала үні Балаларды мадақтау 4.Ғажайып әлем	колымызды жайып, бізге өмір, денсаулық, қуаныш және жақсы көңіл күй сыйлаған Ана-Табиғатқа «Рахмет» деп айтамыз. 3. Ашық сұрақтар -Біздің Отанымыз қалай аталады? -Астана қаласы неліктен ерекше? Сыни ойлау АКТтехнологиясы Қазақстан. 4. Сергіту сәті(Заряд алу әдісі) Орнымыздан тұрайық Шеңбер жасап алайық. Бір отырып, бір тұрып Сәл тынығып алайық. 5. Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын: «Ғажайып сөздер» Отан,Туған жер,Атамекен сөздеріне сөйлем құрау. Бала үні, Коммуникативтік дамыту. Қорытындылау балаларды мадақтау. Кері баланыс. Ашық сұрақтар , Бала үні 4.Денешынықтыру Педагог жоспары бойынша	мекендейтін жабайы аңдар туралы қарапайым түсініктер береді. Ресурстар: бейнетаспа, (арқар, барыс, саршұнақ, дала тасбақасы, қосаяқ, құлан суреттері); тау, далатабиғат көрінісіндегі жануарлар суреті. Әдіс-тәсілі: 4К , бала үні, саралау, жаппай бақылау.Акт технологиясы Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы. 1.Шаттық шеңбер Амансынба Алтын Күн! Амансынба Жер Ана! Амансынба достарым, Сендерді көрсем қуанам! «Кім тез айтады» ойыны. Балалар жыл мезгілін, апта күнін айтады. 2.Бейнетаспа. Қазақстан жері. -Балалар, біздің жеріміздің табиғатына қараңдаршы(таудың, даланың әдемі табиғат көрінісі көрсетеледі). Қазақстан жері туралы мағлұмат беру. Біздің жеріміз кең-байтақ. Біздің еліміздің
--	--	---	---	--	--

					табиғаты өте сұлу.Асқар тау,мөп-мөлдір көлдер,неше түрлі өсімдіктер өседі.Жан-жануарлардың алуан түрі тіршілік етеді. Сыни ойлау, бала үні, креативтілік, өнім арқылы саралау. Балалар мына жануарларды білесіңдерма? АКТ технологиясы (арқар барыс, қосаяқ, құлан, дала тасбақасы): Алтай арқары- өте бағалы аң.Биік тау беткейлерін мекендейді.Шөптесін өсімдіктермен қоректенеді.Ол бағалы аң болғандықтан оны аулауға тыйым салынған. Барыс-мысық тұқымдас жыртқыш аң.Ол басын мәңгі қар басқан тауларды мекендейді.Оның терісі бағалы.Қимылы жылдам, епті.  Жемістігін қуғанда 7-8м биітікке дейін секіреді.Олар ойынпаз,
--	--	--	--	--	---

				қарға аунап ойнағанды жақсы көреді.Қазақ ежелден барыстың тектілігі, батылдығын пір тұтқан. Қосаяқ-кішкентай кеміргіш аң. Балқаш өңірінде тіршілік етеді.Сирек кездеседі.Ол өсімдік дәнімен , жемісімен, қоңыз, шегірткемен қоректенеді.Қыстай денесіне жинаған майымен қоректеніп, ұйықтап жатады.  Дала тасбақасы шөлде жерлерді мекендейді.Ол қауіп төнгенде , басын сауытының ішіне жиып алады.150 жылдай тіршілік етеді.Өсімдіктермен қоректенеді.Жылына 3-4 ай ояу, қалған уақытта ұйқыда болады. Сыни ойлау, бала үні, Сергіту сәті. (Заряд алу әдісі) Күн төккен нұрынан Биік болып өсеміз Денемізді тік ұстап
--	--	--	--	--

					Дөңгелене билейміз Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын. «Мұқият бол!» Ал енді мен сендерге бүгінгі танысқан жануарлардың бір белгісін айтады, сендер қаңдай аң екенін табасыңдар.Балалар сипаттамасы бойынша қандай жануар екенін табады. Қорытынды. Кері баланыс. Бала үні Ашық сұрақтар арқылы қорытындылау. Балаларды мадақтау. 4.Мейрімділік пен Ә.М Тақырыбы: «Ар-намыс керек адамға» Білімділік:Балаларға ұят, намыс, ар туралы түсініктерінің мәнін түсіндіру. Дамытушылық: ар-намыс, адалдық дағдыларын дамыту. Тәрбиелік: Рухани-адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына ықпал ету.
--	--	--	--	--	--

Серуенге дайындық	Киіну: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру.				
Серуен:	Картотека № 11 Боранды бақылау. Бақылау . Бала үні.	Картотека № 12 Бұлтты бақылау. Бақылау. Бала үні.	Картотека № 13 Күнді бақылау. Бақылау. Бала үні.	Серуен №14 Транспортты бақылау. Бақылау. Бала үні.	Серуен №15 Қысқы ауа-райын бақылау.. Бақылау. Бала үні.
	Қыс серуен картотекасынан				
Серуеннен оралу	Ойын- жаттығу Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. Бала үні Балаларға реттілікпен киімдерін шешуі, өз сөрелеріне киімін жинап таза ұстауды, су болған киімдерін тәрбиешіге көрсетуге үйрету. Гигиеналық шараларын ұйымдастыру. Түскі асқа дайындық.				
Түскі ас	Ойын- жаттығу : Ас ішер кезде, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені Ойламаймыз білмейміз. Сиқырлы сөз: "Астарыңыз дәмді болсын!"				
Ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Тыныштық сақтау. Жәй музыка қою.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, шынықтыру шаралары	№4 1. Ояну Көзіміз ашылды Ұйқымыз басылды Дем алдық ұйықтадық Шаттанып ойнайық. 4К моделі , бала үні.	№5 1. Ояну Оянайық балалар Маған тезірек қарандар Шапалақты ұрайық Орнымыздан тұрайық. 4К моделі , бала үні.	№3 Көзіміздізді ашайық Бойымызды жазайық Қолмен көзді ұқалап Созылып бір алайық. 4К моделі , бала үні.	№6 1. Ояну Балалар тұрайық Көзімізді ашайық Қолымызды созып Шынығып бір алайық. 4К моделі , бала үні.	№8 1. Ояту Ұйқыдан біз тұрамыз Көзімізді ашамыз Жан-жағымызға қарайық Төсектен біз тарайық 4К моделі , бала үні.
	Ұйқыдан ояту жаттығу картотекасынан				
Бесін ас	Қолдарын сабындап жуып, өз сүлгілеріне сұрту, ұқыпты тамақтану дағдыларын, тамақтану әдебін дұрыс сақтай білуге дағдыландыру.				
Ойындар, дербес әрекет. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыс	Мнемотехника әдісі Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын. Тақырыбы: Қысқы киімдер Мнемокестемен жұмыс. Мақсаты: Балалардың мнемo-кесте арқылы киімдердің ерекшелігін өз	Вариативтік бөлім	Еркін ойын: «Дәрігер» Балалардың достық қарым-қатынастарын, ұжымдық сезімдерін дамыту.Еңбекке деген сүйіспеншіліктерін	Вариативтік бөлім	Вариативтік бөлім

	ойымен толық жеткізуге үйрету. Сыни ойлау. Коммуникативтік дамыту. Бала үні		арттыру Сыни ойлау. Коммуникативтік дамыту. Бала үні		
Серуенге дайындық	Жүйелі киініп серуенге шығу . Ойын жаттығу: «Кім дұрыс киінеді» Мақсаты: ұқыптылыққа тәрбиелеу				
Серуен	Картотека № 11 Боранды бақылау. Бақылау . Бала үні.	Картотека № 12 Бұлтты бақылау. Бақылау . Бала үні.	Картотека № 13 Күнді бақылау. Бақылау . Бала үні.	Серуен №14 Транспортты бақылау. Бақылау . Бала үні.	Серуен №15 Қысқы ауа-райын бақылау.. Бақылау . Бала үні.
	ТАҢҒЫ СЕРУЕНДІ БЕКІТУ.				
Балалар- дың үйге қайтуы	Балалармен үйлерінде ата-анасына қалай көмектеседі туралы әңгімелесу. Ата-аналарға кеңес: «Өзіне және айналасындағы адамдарға көмек көрсетуді балаға үйретініз». Психологтің кеңесі: мысалы:«Баланы қоршаған әлемді танып білуге дағдылаңыз ».				

ЦИКЛОГРАММА
III апта желтоқсан 2021ж
Мектепалды даярлық тобы

Өтпелі тақырып «Менің Қазақстаным»
Тақырыпша. «Астана-Отанымыздың жүрегі»

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау Ата-ана- лармен әңгімелесу	Балалар жағымды қарым-қатынас жасау. Отбасы мүшелері туралы жан-жақты әңгімелесу. Қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл күй орнатуға арналған ойындарға балаларды қатыстыру. Медбикемен, психологпен бірлескен жұмыс.				

Ойындар (үстел үсті, саусақ және т.б.)	Карточка № 20 Педагог жетекшілігімен жүргізілетін ойын Кеңістікті бағдарлау. Мақсаты: балалар ойын арқылы кеңістікті бағдарлай біледі 4К, бала үні. Коммуникативтілік дамыту.	Карточка №18 Құрылымдалған ойын. «Көп және біреу» Ойынның мақсаты: көп және біреу қатынастарын біледі, заттардың тең, тең емес топтарын салыстыра алады. 4К, бала үні	Карточка № 16 Құрылымдалған ойын. «Айырмашылығын тап» Мақсаты: Балалар екі суреттің немесе заттың айырмашылығын тауып, өз ойын айта алады. Сыни ойлау, бала үні	Карточка №17 Құрылымдалған ойын. «Төртінші артық» Ойын шарты: Басқаларына сәйкес келмейтін затты «геометриялық пішінді» алып тастау немесе боямау керек екенін біледі. Сыни ойлау, бала үні	Карточка № Педагог жетекшілігімен ойын «Жол картасын бейнеле» Ойынның мақсаты: жоғары–төмен ұғымдарын түсінеді. Сыни ойлау, бала үні
Таңертеңгі гимнастика	Желтоқсан айының 3 – аптасына арналған жаттығу кешені. Жаттығу кешені қосымша тіркелеген. Мақсаты. Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйрету				
